

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы қазан айы бойынша аналитикалық есебі.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы: Әділетті қазақстан, Адал азамат; Озық ойлы Ұлт.

Құндылықтар: Тәуелсіздік және отаншылдық; Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; Бірлік және ынтымақ.

- 1. «Қарты бар үйдің қазынасы бар»** дейді дана халқымыз. 1- қазан Халықаралық қарттар күніне орай, мектебімізде сынып сағаттары өтті және қанша жыл ұстаз болған, кәзіргі кезде зейнеткер ұстаздарымызды мектепке шақырып, 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік концерт тамашалады. Мектеп директоры Г.Шонгалова зейнеткер ұстаздарымызды құттықтап, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталды.



2. **«Қамқор» жобасы аясында «Қоғамға қызмет ету»** жалпы мектептік волонтерлық қызметі қарттарды қолдау айлығына орай оқушылар жыл сайын Ардагерлерге, зейнеткерлерге, жалғыз тұратын қарттарға көмек көрсету басқа бір сәт назар аударудың өзі қарттарға үлкен сыйлық.
3. **4 қазанында мектебімізде «Ұстаз- мектептің жүрегі»** 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы ұстаздарды кіре берістен қарсы алып, құттықтады. 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік концерт тамашалады.

- 3. 4 қазанында мектебімізде «Ұстаз- мектептің жүрегі» 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы ұстаздарды кіре берістен қарсы алып, құттықтады. 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік концерт тамашалады.**

Сонымен қатар Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Мұғалімдер күніне арналған салтанатты іс-шара өткізді. Мерекелік шараға Астрахан ауданының әкімі Т.Ерсейітов, Астрахан аудандық мәслихатының төрағасы М.Қожахмет және “Аманат” партиясы Астрахан филиалының атқарушы хатшысы Қ.Сүлейменов қатысты. Кәсіби мереке қарсаңында білім мен ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан мектебіміздің 11 педагогке алғыс хаттар мен құрмет грамота және сыйлықтар табыс етілді. Аудандық білім бөлімінің Іс-шарасына мектебіміздің “Ұстаздар” вокалдық тобы, “Айналайын” хоры қатысты.



4. Мектебімізде 7-9 қазан аралығында **“Еңбегі адал-жас өрен”** жобасы аясында “Күзгі шығармашылық, аппликация 0-1 сыныптар арасында және 2-4 сыныптар арасында сурет көрмесі өтті.
Мақсаты: табиғаттың күз мезгілі кезіндегі өзгерістер жайлы бейнелеу арқылы балалардың білімдерін кеңейту. Күзгі табиғаттың әсемдігін бейнелеп сала білуге үйрету.
5. **“Қауіпсіздік сабағы” 1-4 сынып** оқушыларымен біртұтас бағдарлама аясында сынып сағаттарында ұйымдастырылды.
Сабаққа оқушылар белсенді қатысты, ата-аналар сабаққа қатысып оқушыларға жол қауіпсіздігі ережелері туралы ақыл-кеңестерімен бөлісті.
Мақсаты: оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыра отырып, өмірде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуді үйрету. Ата-аналармен бірлесе отырып, жолда жүру қауіпсіздігінің маңызын түсіндіру.
6. **ТАҚЫРЫБЫ: “Атам, әжем және мен”**
«Даналық мектебі» жобасы аясында 2-4 сыныптың оқушылары ата-әжелерімен бірге фестивалге қатысты. Мақсаты: ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.
Қимыл-әрекет өмірді ұзартады, организмнің жай- күйін жақсартады, өмір сүруге қабілеттілікті арттырады. Жас баладай қуанған

қарияларымыздың жүздерінен қуаныш үзілмесін! Жауапты сынып жетекші: Касымова Д.К.



7. Ата-ана мен оқушы арасындағы “Шахмат” ойынынан достық кездесу өтті.



19 қыркүйек күні 5 «а», 5 «ә» сынып оқушыларының бейімделудегі ерекшеліктері тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: балалардың мектеп психологымен танысу, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты зерттеу, сабақтан кейінгі шаршауды жеңілдету және жағымды көңіл күй туғызу. 24 қыркүйек күні 1 «а», 1 «ә» сынып оқушылары арасында танысу және нейротаттығулар жүргізілді. Оқушылармен әр түрлі жаттығулар жасалды. Жүргізген мектеп психологы: Г.Кажыбаева



8. **Діни экстремизм 9 сынып оқушыларымен "Әлеуметтік желінің жастарға тигізер зияны "** тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында Астрахан ауданы "жастар ресурстық орталығының теолог - маманы А.Сарденов аталған тақырып бойынша дәріс оқып, барынша бұл ағымдардан сақ болуын айтып өтті.



9. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында Ы.Алтынсариннің туған күніне орай, ақынның шығармаларын оқу арқылы оқушыларды адамгершілікке, жақсы мен жамандықты ажырата білуге, сыйластыққа баулу және де кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында "Кел балалар оқылық" тақырыбында кітап оқу сағаты өткізілді. Оқу барысында оқушылар оқыған шығармалары туралы өзара пікір алысып, Ы.Алтынсариннің өлеңдерін жатқа оқыды. Кітапханашы: Турдимуратова Б.А.



10. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында мектепшілік дебат өтті.

11.25 қазан – республика күніне орай «Республикам - мақтанышым»
 атты 25 қазан - Республика күніне орай **“Республика ерікті ел Қазақстан”** атты 1-11 сыныптар арасында лездеме өтті. Мақсаты:
 -Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.
 - Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.





"Менің Қазақстаным!" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сурет байқауының мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптеу.

Оқушыларды

ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, шығармашылыққа баулу, елін, жерін сүйюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Көрмені әділқазылар аралап, жұмыстармен танысты.



“Үміт үзбе, ізден” атты кітап көрмесі.

Кітаптың күші – болашақтың кілті! Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған кітап көрмесі осы айда айрықша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруда.

Бұл көрме балаларды білім нәрімен сусындатып, олардың ақылын ұштап, терең ойлы, білімді азаматтар етіп тәрбиелеуге бағытталған. Көрмеде көптеген қызықты кітаптар мен оқыту материалдары ұсынылған, олар

балаларға жаңа әлемдерге есік ашуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Біздің мақсатымыз – әр балаға қолдау көрсетіп, олардың жеке мүмкіндіктеріне сай білім алуына жол ашу. Білімнің шексіз екенін еске салатын осындай іс-шаралар арқылы болашақтың көшбасшыларын тәрбиелейміз.

Жақсы білім – жарқын болашақтың кепілі.



16 қазан күні «**Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастық**» жоспары негізінде, мектебіміздегі ашық есік күніне орай, “Алпамыс” балабақша әдіскері, тәрбиешілер, балабақша түлектері, даярлық және бірінші сыныптар сонымен қатар, кітапхана, көркем еңбек, екінші, үшінші қабаттағы коворкинг, асхана, спорт зал т.б. кабинеттермен танысып, балабақша тәрбиеленушілеріне көптеген ақпарат беріп, көрсетілді.



“Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам”, “Бәріміз теңбіз» тақырыбында 1-8 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадам” тақырыбындағы сынып сағаты арқылы оқушыларға интернет пен компьютерге деген шамадан тыс құмарлықтың қауіптілігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылар болады, болмайды ойыны арқылы ереже құрастырып, сурет салып, сурет арқылы ой бөлісті. Дос болайық тренингі ұйымдастырылды. Апта дәйексөз інің мағынасы түсіндіріліп, мақал-мәтелдер айтылды. Оқушылар белсене қатысып, көрініс көрсетті.



25 қазан - Республика күніне” орай мектеп кітапхансында өз Отанын сүйуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншілікке баулу және де кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында **“Гүлдене бер, менің Қазақстаным”** тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, ішкі және халықаралық аренадағы экономикалық және саяси жетістіктері туралы әдебиеттерге шолу жасалып, бейнеролик көрсетілді. Оқушылар әнұранды орындап, жатқа өлеңдер оқыды. Кітапханашы Турдимуратова Б.А



21-қазан күні **“25 қазан Республика күніне”** орай **«Тілашар»** мерекелік ашық сынып сағаттар өтті.

Ертеңгілік мақсаты: -Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт -дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу.

— Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Білімнің сара жолы мектептен басталатынын, кең дүниеге есік ашатынын сезіндіру, білімге деген құштарлығын арттыру, оқуға, білімді болуға шақыру; - Оқушылардың қабілеттерін, шеберліктері мен өнерлерін таныту, ой-өрісін дамыту; - Мектепті, ұстаздарды құрметтеп, еңбекті бағалай білуге үйрету.

Ертеңгілік барысында әнұран айтылып, би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Оқушылар белсене қатысып, көрініс көрсетті.



Мектепалды даярлық топтарының ұйымдастыруымен 25 ші қазан Республика күніне орай мерекелік ертеңгілік өтті.Өз өнерін көрсеткен тәрбиеленушілер ҚР туралы тың ақпараттармен танысып, туған жер жайлы ән , тақпақтарын айтып,би биледі.

Іс шараның мақсаты:

Өз Отанын сүйюге, қазақ екенін ,өз елін, халқының тілін, мәдениетін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу.



